

28 Наурыз
Сенбі,
2026 жыл

uil-gazet@mail.ru
Kokjar_tynysy

Ойыл

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ АУМАҒЫНДАҒЫ ОРМАН ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫНА ЖАҢА ТЕХНИКАЛАР ТАБЫСТАЛДЫ

АРНАЙЫ ТЕХНИКАНЫҢ КІЛТІН ТАБЫСТАУ РӘСІМІ НАУРЫЗНАМА ОНКҮНДІГІ ҚОРЫТЫНДЫЛАНҒАН «ТА-
ЗАРУ» КҮНІ АЯСЫНДА ӨТТІ. ОБЛЫС ӘКІМІ АСХАТ ШАХАРОВ БҰЛ КҮННІҢ ТАБИҒАТҚА ЖАНАШЫРЛЫҚ ПЕН
ҚОРШАҒАН ОРТАНЫҢ ТАЗАЛЫҒЫНА ДЕГЕН ҚАМҚОРЛЫҚТЫ БІЛДІРЕТІНІН АТАП ӨТТІ. СОНДАЙ-АҚ ОРМАН
ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МЕН САЛАЛЫҚ МЕКЕМЕЛЕРДІҢ ЕҢБЕГІ ҚОҒАМДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘД-
НИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА МАҢЫЗДЫ РӨЛ АТҚАРАТЫНЫН ЖЕТКІЗДІ.



Өңір басшысы орман шаруашылығының материалдық-техникалық базасын нығайтудың қажеттілігіне де тоқталды. Оның сөзінше, табиғи байлықтарды сақтау және оны келер ұрпаққа жеткізу – өңірдің әрбір тұрғынына ортақ міндет.

«Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес өңірде «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы жүзеге асырылуда. Оның аясында орман қорын ұлғайту, аумақтарды абаттандыру және саланың материалдық-техникалық базасын нығайту бойынша кешенді жұмыстар жүргізілуде. 2021–2027 жылдары облыста 64 миллионнан астам ағаш отырғызу жоспарланған. Былтыр 18,6 миллион көшет

отырғызылса, биыл тағы шамамен 10 миллион ағаш егу көзделіп отыр. Сонымен қатар тек отырғызу ғана емес, орман ресурстарын сақтау мәселесіне де баса назар аударылады. Бүгін табысталған техника ормандарды қорғаудың тиімділігін арттыруға, өрт ошақтарына жедел әрекет етуге, қолжетімсіз аумақтарда жұмыс істеуге, сондай-ақ гидротехникалық нысандарды күтіп ұстауға және су тасқынының алдын алуға мүмкіндік береді. Соңғы жылдары саланы дамытуға 2,2 миллиард теңгеден астам қаржы бағытталды және бұл жұмыс алдағы уақытта да жалғасады», – деді облыс әкімі.

Тракторлар, шағын орман патрульдік өрт сөндіру ке-

шендері, жүк-жолаушылар автокөліктері, фронталды тиегіштер, шынжыртабан экскаватор, ауыр техниканы тасымалдайтын тіркеме – бұл техникалар орман қорын қорғауға арналған және қолжетімсіз аумақтарда жұмыс істеу мен төтенше жағдайларды жою барысында салалық қызметтердің мүмкіндігін едәуір арттырады. Аталған техникалар Ақтөбе облыстық орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесіне, сондай-ақ Әйтеке би, Байғанин, Қобда, Мәртөк, Мұғалжар, Темір, Ойыл, Шалқар аудандарының орман шаруашылықтарына және өңірдің гидротехникалық құрылыстарды пайдалану мекемесіне табысталды.

Ақтөбе орман шаруашылығының орман шебері Юрий Штанько бұл салада 26 жылдан бері еңбек етіп келеді. Оның айтуынша, мұндай ауқымды техника паркі бұрын-соңды болмаған. Жаңа техниканың арқасында мамандар қолжетімсіз аумақтарға жылдамырақ жетіп, өртті тиімді сөндіре алады.

«Менің тәжірибемде мұндай автопарктың толықтырылуы алғаш рет. Бізге үш кешен, екі трактор, адамдарды тасымалдауға арналған «Урал» көлігі берілді. Мен Қарғалы ауданында тұрамын, биік жерлер көп. Өрт қауіпі жиі туындайды. Осы техникамен өрт ошақтарына жету әлдеқайда жеңіл болады. Оның ішінде мотопомпа, арқалық өрт сөндіргіштер, соққыштар, балта, күрек сияқты барлық қажетті құралдар бар. Бұл – орман шаруашылығына үлкен көмек», – дейді Юрий Штанько.

Орман шаруашылығы өкілдері жаңа техникалар күнделікті жұмысты айтарлықтай жеңілдетіп, өңірдің экологиялық қауіпсіздігін арттыруға және болашақ ұрпақ үшін жақсы қорды сақтауға маңызды үлес қосатынына сенімді.

Р.С «ОЙЫЛ ОРМАН ЖӘНЕ ЖАНУАРЛАР ДҮНИЕСІН ҚОРҒАУ МЕКЕМЕСІ» КМН-НЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗАСЫ АЙТАРЛЫҚТАЙ ЖАҢАРТЫЛДЫ.

АТАП АЙТҚАНДА, ОРМАН ЖӘНЕ ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ ЖҰМЫСТАРЫН КҮШЕЙТУ МАҚСАТЫНДА АРНАЙЫ ӨРТ СӨНДІРУГЕ АРНАЛҒАН 2 ДАНА ЖАС Т6 ЖЕҢІЛ АВТОКӨЛІГІ, ҚЫЗМЕТТІК САПАРЛАР МЕН АДАМ ТАСЫМАЛДАУҒА АРНАЛҒАН УРАЛ АВТОКӨЛІГІ, СОНДАЙ-АҚ ҚУАТТЫ МТ3-920 ЖӘНЕ МТ3-1222 ТРАКТОРЛАРЫ БЕРІЛДІ.

АУЫЛДАСЫМЫЗ, АҚЫН, ТЕЛЕЖУРНАЛИСТ АЗАМАТ ӘБІЛҚАЙЫР МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ҚОЛЫНАН «ЕРЕН ЕҢБЕГІ ҮШІН» МЕДАЛІН АЛДЫ




Азамат Әбілқайыр – Ойыл ауданы, Саралжын ауылында дүниеге келген. Ө. Дербісәлині атындағы мектептің түлегі. Қарапайым отбасынан шығып, осындай дәрежеге жетуі – үлкен еңбек пен табандылықтың нәтижесі. Жерлестері оны әрдайым мақтан тұтады.

Ауылдасымыз Азамат Әбілқайыр – «24KZ» телеарнасының жаңалықтар жүргізушісі, журналист. Еңбек жолын туған қаласында бастап, «РИКА» және облыстық «Ақтөбе» телеарналарында қызмет етті. Ол – «Құдірет» жыр кітабының және балаларға арналған 6 комикс кітабының авторы. Халықаралық және республикалық әдеби байқаулардың жеңімпазы. Жерлесіміз 2012–2016 жылдары Қ. Жұбанов атындағы университеттің филология факультетінде, Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша білім алған.

Ойылдықтар атынан құттықтаймыз! Көкжар елі еңбекқор ұлдарын әрдайым мақтан тұтады!

ОБЛЫС ПРОКУРОРЫ ОЙЫЛҒА КЕЛДІ

САПАР БАРЫСЫНДА 2022–2024 ЖЫЛДАРЫ ІСКЕ АСЫРЫЛЫП ЖАТҚАН ИНФРАҚҰРЫЛЫМ НЫСАНДАРЫ ҚАРАЛДЫ. АТАП АЙТҚАНДА, ЕКІ ЖЫЛ БҰРЫН СУ ТАСҚЫНЫ САЛДАРЫНАН БҰЗЫЛҒАН КӨПІРДІҢ ОРНЫНА САЛЫНЫП ЖАТҚАН ОЙЫЛ АУЫЛЫНДАҒЫ ҰЗЫНДЫҒЫ 232 МЕТРЛІК КӨПІРДІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ЗЕРДЕЛЕНДІ.



Қазіргі таңда нысанның дайындығы 80%-ды құрайды, көлік қозғалысы уақытша өткел арқылы жүзеге асырылуда.

Аудан әкімі мердігермен жасалған шарт талаптарына сәйкес құрылыс жұмыстарын ағымдағы жылдың маусым айында аяқтау жоспарланып отырғанын хабарлады.

Бұдан кейін облыс прокуроры 2022 жылдан бері салынып жатқан екі - жалға берілетін коммуналдық тұрғын үйдің құрылыс алаңына барды. Бүгінгі күні олардың дайындығы 40%-дан аспайды, бұл белгіленген мерзімдерден едәуір артта қалғанын көрсетеді.

Аудан прокуроры құрылыс барысына бақылау жүргізіліп жатқанын баяндады. Ағымдағы жылы үйлерді пайдалануға беру жоспарлануда. Құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелеріне ерекше назар аударылды.

«Айқын нәтиже» және «Қауіпсіз балалық шақ» жобалары шеңберінде барлық профилактика субъектілерінің үйлестірілген әрі жүйелі жұмыс жүргізуінің маңыздылығы атап өтілді. Аталған жобалардың аралық қорытындылары жуырда өткен Үйлестіру кеңесінде қаралған.

Әкімдік, полиция және прокуратура үшін басым бағыттар ретінде көшелердегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету, бейнебақылау жүйелерін дамыту, түнгі уақытта патрульдеуді күшейту қоғамдық тәртіп сақшылары мен еріктілерді тарта отырып, сондай-ақ есепте тұрған тұлғалармен, өмірлік қиын жағдайдағы отбасылармен және тәуекел тобындағы көмелетке толмағандармен атаулы жұмыс жүргізу айқындалды.

ОЙЫЛДЫҚТАР ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІН ТОЙЛАДЫ

21 наурыз- Ынтымақ күнінде Ойыл ауданындағы Тәуелсіздіктің 20 жылдығы атындағы саябақта Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамына арналған «Ұлтымыз Ұлыстың ұлы күнін ұлықтайды» атты салтанатты мерекелік шара өтті. Саябақ аумағы ұлттық нақышта безендіріліп, тұрғындар мен қонақтар үшін арнайы фотоаймақтар, музей экспонаттары қойылған киіз үйлер мен кітапханашылар ұйымдастырған танымдық викториналық бұрыштар дайындалды. Мереке шымылдығы домбырашылар мен ақсақалдар бастаған, ұлттық киімдегі жастар қостаған салтанатты шерумен ашылып, келіндер халыққа сәлем салып, шашу шашты.

Мерекеді аудан әкімі Асқар Қазыбаев сөз сөйлеп, «Наурыз мейрамы іргесі сөгілмеген, бірлік пен берекенің, ырыс пен ынтымақтың, ізгіліктің және бақыттың берекесі, Наурыз мерекесінде барлық отбасына аманшылық, береке-бірлік, ырыс болсын, Мереке құтты болсын!»- деп Ұлыстың Ұлы күнімен құттықтап, өңірдің дамуына үлес қосқан еңбек ардагерлерін арнайы



төсбелгілермен марапаттады. Шара барысында ауыл ақсақалы елге ақ батасын беріп, «Наурызнама» онкүндігі аясында мерекені жоғары деңгейде ұйымдастыруға атсалысқан мекеме ұжымдары мен ауыл көшелерінің тұрғындары аудан әкімінің Алғыс хаттарына ие болды. Мерекенің көркін қыздырған концерттік бағдарламада фольклорлық ансамбльдер мен өнерпаздар халық әндері мен күйлерін орындап, би ұжымдары мың

бұралған билерімен сахна сәнін келтірді. Ұлттық рухты дәріптеген термелер мен күмбірлеген күйлер көрерменге көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, салтанатты кеш аудан өнерпаздарының орындауындағы мерекелік өнмен өз мәресіне жетті. Спортсүйер қауымда бұл күні тамаша тартыстардың куәсі болды. Телсе темір үзетін жігіттер қазақ күресі, арқан тартыс, қол күрес, ләңгі тебу, сынды сайыстардан бақ сынасты. Жарыс нәтижесінде

Қазақ күресінен А. Сақтаған III орын, А. Айбеқұлы II орын, Б. Берік I орын. Қол күрестен Бірлеген күйлер көрерменге көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, салтанатты кеш аудан өнерпаздарының орындауындағы мерекелік өнмен өз мәресіне жетті. Спортсүйер қауымда бұл күні тамаша тартыстардың куәсі болды. Телсе темір үзетін жігіттер қазақ күресі, арқан тартыс, қол күрес, ләңгі тебу, сынды сайыстардан бақ сынасты. Жарыс нәтижесінде

СОТ ШЕШІМІНЕ ҚАЛАЙ ШАҒЫМДАНУҒА БОЛАДЫ?

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРҒА АЗАМАТТАРДЫҢ СОТ ШЕШІМДЕРІНІҢ КҮШІН ЖОЮ НЕМЕСЕ ҚАЙТА ҚАРАУ ТУРАЛЫ ӨТІНІШТЕРІ ЖИІ ТҮСЕДІ. ДЕГЕНМЕН, ТҮСІНУ МАҢЫЗДЫ: СОТ АКТІЛЕРІН ҚАЙТА ҚАРАУ ТЕК СОТ ТӨРТІБІМЕН ЖӘНЕ ТЕК ЗАҢДА БЕЛГІЛЕНГЕН РӘСІМ БОЙЫНША МҮМКІН БОЛАДЫ.



Нәліктен мемлекеттік органдар сот шешімінің күшін жоя алмайды?

Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек соттар жүзеге асырады, ал судьялар тәуелсіз және тек Конституция мен заңдарға бағынады. Сондықтан азамат өтінішті мемлекеттік органға жіберсе де, алынған жауап сот шешімін өзгерте алмайды. Сот шешімдеріне шағымданудың қандай жолдары бар?

Қазақстан Республикасының заңнамасында сот актілерін қайта қараудың арнайы процесі тетіктері көзделген. Апелляция Апелляциялық шағым сот шешімі әлі заңды күшіне енбеген және Тарап бірінші сатыдағы соттың қорытындыларымен келіспеген жағдайларда беріледі. Апелляциялық сатыда істің барлық мән-жайларын тексерумен мәні бойынша қайта қаралуы мүмкін.

Төртбі: •ҚР Азаматтық процесілік кодексінің 52-53-тараулары; •ҚР Өкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 25-27-тараулары; •ҚР Қылмыстық-процестік кодексінің 48-49-тараулары. Кассация Кассациялық саты заңды күшіне енген сот актілерін қарайды және заңнаманың дұрыс

қолданылуын тексереді. Кассациялық қайта қараудың негізі істің нәтижесіне әсер етуі мүмкін құқық нормаларын елеулі бұзушылықтар болуы мүмкін.

Төртбі: •ҚР Азаматтық процесілік кодексінің 54-тарауы; •Р Өкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 169 және 169-1-баптарымен; •ҚР Қылмыстық-процестік кодексінің 52-тарауы. Жаңа немесе жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарау Сондай-ақ, егер істі қарау аяқталғаннан кейін объективті түрде бұрын белгілі бола алмайтын және іс үшін маңызды мән-жайлар белгілі болса, заң сот актісін қайта қарау мүмкіндігін қарастырады.

Төртбі: •ҚР Азаматтық процесілік кодексінің 55-тарауы; •ҚР Өкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 170-бабымен; •Қылмыстық-процестік кодексінің 53-тарауы. Прокуратура заңдылықтың сақталуын қадағалауды жүзеге асырады және сот актілеріне наразылық келтіруге құқылы. Алайда, прокуратура сот шешімдерін өз бетінше жоймайды немесе өзгертпейді

— түпкілікті шешімді әрқашан сот қабылдайды. Нәліктен сот процедураларын қолдану маңызды Шағымданудың процедуралық механизмдері мыналар үшін бар:

- азаматтардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету; •сот шешімдерінің заңдылығы мен әділдігіне кепілдік беру. Соттың тәуелсіздігі-азаматтардың құқықтарын қорғаудың негізі

Соттың тәуелсіздігі - құқықтық мемлекеттің негізгі қағидаттарының бірі. Ол істерді объективті қарауды қамтамасыз етеді және әділеттілікті кез келген сыртқы әсерден қорғайды. Сондықтан сот актілерін қайта қараудың барлық мәселелерін тек соттар шешеді және тек заңда белгіленген іс жүргізу түрінде.

Есте сақтау маңызды: егер азамат сот шешімімен келіспесе, оны өзгертудің жалғыз заңды жолы – заңда көзделген рәсімдерді пайдалану: жаңа немесе жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша апелляция, кассация немесе қайта қарау.

А.К. ДУЗБАЕВ, Ақтөбе облысы Әділет департаментінің құқықтық түсіндіру жұмысы және заң қызметтерін көрсету бөлімінің басшысы.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ ІРІКТЕУ ТЕТІКТЕРІ

ҚАЗІРГІ ТАҢДА ЕЛІМІЗДЕ ТИІМДІ МЕМЛЕКЕТТІК АППАРАТ ҚҰРУҒА, КАДР САЯСАТІ МӨСЕЛЕСІНЕ БАСА КӨҢІЛ БӨЛІНУДЕ. МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ КІРУДЕГІ АРТЫҚ КЕДЕРГІЛЕРДІ ЖОЮ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕН ШЫҒУ ТӨРТІБІН ЖЕҢІЛДЕТУ ТУРАЛЫ ТАПСЫРМАСЫНА СӨЙКЕС ЖАҢА ТӘСІЛДЕР ӨЗІРЛЕНІП, БҮГІНГІ КҮНІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЗАҢҒА ТИІСТІ ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗІЛДІ.

Осы енгізілген өзгерістердің басым бөлігі жастарға беріліп жатқан мүмкіндіктер екендігін атап кеткен жөн. Сол өзгерістердің бірі – мемлекеттік тапсырыс негізінде жоғары оқу орындарын аяқтаған түлектерді оқу бітіргеннен кейін бір жыл ішінде аудандық және ауылдық деңгейдегі «Б» корпусының төменгі лауазымдарына конкурссыз тікелей тағайындау мүмкіндігі. Бұл – тиісті оқу нәтижесін ГРА 3,33-тен жоғары аяқтаған түлектерге берілген мүмкіндік. Осы енгізілген жаңашылдық нәтижесінде қазіргі таңда Республика бойынша 750-ге жуық түлек, оның ішінде Ақтөбе облысы бойынша 62 түлек аудандық және ауылдық деңгейдегі төменгі лауазымдарға конкурссыз қабылданды. Бүгінде мемлекеттік қызметке қабылдау үдерісі толықтай цифрландырылып, eqyzmet.gov.kz ашық порталы арқылы жүзеге асырылуда. Бұл жүйенің негізгі мақсаты – кадрларды іріктеуде ашықтық пен әділдікті қамтамасыз ету, сондай-ақ барлық үміткерлерге тең мүмкіндік беру. Онлайн іріктеу тетігі конкурстық рәсімдерді жеңілдетіп, уақыт пен ресурсты үнемдеуге жағдай жасайды. Жаңа жүйенің енгізілуі мемлекеттік қызметке деген қызығушылықтың айтарлықтай артуына себеп болды. Мәселен, 2025 жылы жергілікті атқарушы органдардағы бос және уақытша бос лауазымдарға орналасу үшін 518 конкурс өткізілді, оған 4112 адам қатысты. 2024 жылмен салыстырғанда бір орынға шаққандағы үміткерлер саны 1,8-ден 7,9 адамға дейін өсіп, нәтижесінде 338 үміткер мемлекеттік қызметке қабылданды. Сондай-ақ, елімізде төртінші жыл қатарынан Президенттік жастар кадр резерві жобасы табысты жүзеге асырылып келеді. Бұл жоба – жастар үшін ашық және тиімді әлеуметтік лифт құруға бағытталды. Іріктеуге жасы 35-тен аспаған, жоғары білімі және кемінде 5 жыл еңбек өтілі бар, мемлекеттік тілді В1 деңгейінен төмен емес меңгерген Қазақстан Республикасының азаматтары қатысады. Президенттік жастар кадр резерві – егемен еліміздің өркендеуіне елеулі үлес қосам деген жастарға мүмкіндік беретін бірегей жоба. Аталған жоба нәтижесінде Өңіріміздің 13 азаматы Президенттік жастар кадр резервінің мүшесі атанды. Қысқа уақыттың өзінде-ақ резервтің тиімділігі байқалып, бірқатар қатысушылар нақты лауазымдарға тағайындалып, мемлекеттік басқару жүйесіне жаңа серпін беруде. Осы жобаның жалғасы ретінде 2024 жылы 1 наурызда облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың өңірлік кадр резерві іріктеу басталды. Өңірлік кадрлық резервтің негізгі мақсаты – аймақтың кадрлық

әлеуетін күшейту, жеке сектордан үздік жастарды мемлекеттік қызметке тарту, басқару жүйесін жаңғырту және жергілікті деңгейде тиімді шешімдер қабылдайтын мамандар пулын қалыптастыру болып табылады. Іріктеуге жоғары білімі және 3 жылдан кем емес еңбек өтілі бар, 35 жастан аспаған еліміздің азаматтары қатысты. Осының нәтижесінде Ақтөбе облысы бойынша өңірлік кадрлық резервке алынған 23 азаматтың 13-і резерв шеңберінде мемлекеттік қызметте жоғары лауазымдарға тағайындалды. Өңірлік кадрлық резерв – өңірдің кадрлық әлеуетін күшейтуге бағытталған маңызды бастама. Бұл механизм жергілікті деңгейде кәсіби, бастамашыл және нәтижеге жұмыс істейтін мамандарды іріктеп, оларды мемлекеттік қызметке тартуға, сонымен қатар кадрлық сабақтастықты нығайтуға оң ықпал етті. Қорытындылай келе, қазіргі таңда мемлекеттік қызметке кіру жүйесінде ауқымды өзгерістер жүзеге асырылып, жастар үшін жаңа мүмкіндіктер ашылуда. Бұл өзгерістер еліміздің болашағы – жас мамандардың әлеуетін тиімді пайдаланып, мемлекеттік басқару сапасын жаңа деңгейге көтеруге бағытталды.

Аружан ЕСМҰРЗАЕВА, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің бас маманы.

НАУРЫЗ-НҰРЛЫ ЖЫЛ БАСЫ!

ОЙЫЛ АУДАНЫНДА КӨКТЕМНІҢ ШУАҚТЫ МЕРЕКЕСІ – НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ КЕҢ КӨЛЕМДЕ ТОЙЛАНДЫ. КӨКЖАР, АМАНГЕЛДІ, БАЙҒАНИН, МОЛДАҒҰЛОВА ЖӘНЕ БАҚАЕВ КӨШЕЛЕРІНІҢ ТҰРҒЫНДАРЫ БАҚАЕВ КӨШЕСІНДЕГІ ФУТБОЛ АЛАҒЫНДА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН "НАУРЫЗ – НҰРЛЫ ЖЫЛ БАСЫ" МЕРЕКЕЛІК ШАРАСЫНА ЖИНАЛДЫ.

Мерекелік шара театрландырылған ұлттық көріністермен басталды. Ауылдың өнерпаз жастары қазақ халқының салт-дәстүрлерін сахналық қойылымдар арқылы көрсетті. Қонақтарға Наурыз көже мен ұлттық тағамдар ұсынылып, мейрамның сәні кірді.

Концерттік бағдарламада күмбірлеген күй мен әуелеген әндер шырқалды. Өнерпаздар халық әндері мен заманауи шығармаларды орындап, жиналғандарға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Сонымен қатар, ұлттық спорттағамдар ұсынылып, мейрамның сәні кірді.

қол күресі, арқан тарту сияқты жарыстарда бақ сынады. Ерекше белсенділік танытқан жастар мен жеңімпаздар арнайы сыйлықтармен марапатталды. Іс-шараны ұйымдастыруға "Балдырған" бөбекжай-бақшасы және ветеринарлық зертхана ұжымы атсалысты.

НАУРЫЗНАМА АЯСЫНДАҒЫ ТАЗАЛЫҚ ШАРАСЫ

НАУРЫЗНАМАНЫҢ ОНКҮНДІГІ АЯСЫНДА ЖАСТАР ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН АУДАН ЖАСТАРЫ "ДАҢҚ" САЯБАҒЫНДА ТАЗАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗДІ.

БҮЛ ИГІ ШАРА – КӨКТЕМГІ ЖАҢАРУМЕН ҮНДЕСКЕН, ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ДЕГЕН ЖАНАШЫРЛЫҚТЫҢ АЙҚЫН КӨРІНІСІ БОЛДЫ. Табиғат оянып, айнала жасарып жатқан шақта, жастар да туған жердің көркеюіне өз үлестерін қосты. Саябақ аумағы қоқыстан тазартылып, ретке келтірілді.

Мұндай бастамалар ескелең ұрпақтың экологиялық мәдениетін қалыптастырып қана қоймай, қоғамдағы жауапкершілікті арттыра түседі. Тазалық – тек айналаны жинау ғана емес, ол – жүректің, ойдың, ниеттің тазалығы. Әрбір адам өз үйінен, өз ау-

ласынан бастап, қоршаған ортаны күтіп ұстаса, қоғам да көркейе түсері сөзсіз. Бүгінгі атқарылған игі іс – ертенгі жарқын болашақтың кепілі. Себебі әрбір кішкентай қадам үлкен өзгерістерге бастайды. Бірге тазалық сақтайық, бірге туған жерімізді көркейтейік!

НАУРЫЗ - КҮТ - БЕРЕКЕ БАСТАУЫ

Ж. ЖҮСІБАЛИЕВ АТЫНДАҒЫ ОЙЫЛ ҚАЗАҚ ОРТА МЕКТЕБІНІҢ АЛДЫНДА «НАУРЫЗ-КҮТ-БЕРЕКЕ БАСТАУЫ» АТТЫ КӨШЕ НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІ КЕҢ АУҚЫМДА АТАЛЫП ӨТТІ. КӨПШІЛІК АСЫҒА КҮТКЕН БҮЛ МЕЙРАМ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ДӨРІПТЕП, КӨКТЕМНІҢ ЖАҢА ЛЕБІН АЛЫП КЕЛДІ.

А.Құрманов, Қ.Сағырбаев, Қ.Сәтбаев, Ш.Еркінов көшесінің тұрғындары ұйымдастырылған мереке қуанышқа толы болды. Бұл мерекені Ж.Жүсімалиев атындағы ОҚОМ мен Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы ұйымдастырды. Шара театрландырылған ұлттық көріністермен басталды. Өнерпаздар қазақ халқының салт-дәстүрлерін сахналап, көпшілікке тарихи мұраны көркем түрде жеткізді. Көрсеткіштер арасында ерекше қызығушылық тудырған қойылымдар Наурыздың мазмұнын тереңнен сезінуге мүмкіндік берді.

Шараға аудан әкімі Асқар Қазыбаев қатысып, Ойыл ауылдық округі әкімі Рүстем Темірұлы сөз сөйлеп, көпшілікті мерекелен құттықтады. Мерекелік шаралармен қатар, мерекелік көңіл күйге бөленді. Мерекелік шаралармен қатар, мерекелік көңіл күйге бөленді. Мерекелік шаралармен қатар, мерекелік көңіл күйге бөленді.

жайлылық пен ынтымақтың үлгісін көрсетті. Концерттік бағдарламада дәстүрлі өндер шырқалып, күмбірлеген күйлер орындалды. Көрермендер ұлттық би өнеріне тәнті болып, мерекелік көңіл күйге бөленді. Мерекелік шаралармен қатар, мерекелік көңіл күйге бөленді.

НАУРЫЗ - МЕРЕКЕН, НАУРЫЗ БЕРЕКЕН!

НАУРЫЗ – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЖАҢАРУ МЕН БІРЛІКТІҢ СИМВОЛЫНА АЙНАЛҒАН МЕЙРАМЫ. БИЫЛҒЫ НАУРЫЗ МЕЙРАМЫН ТОЙЛАУҒА АРНАЛҒАН «НАУРЫЗНАМА» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫНА СӨЙКЕС, 20 НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ СПОРТ КҮНІ БОЛЫП БЕЛГІЛЕНДІ.

Бұл күні қазақ халқының ежелден келе жатқан ұлттық ойындары кеңінен насихатталып, жас ұрпаққа таныстырылады. Бүгін Ойыл аудандық дене шынықтыру және сауықтыру кешенінің алдында Ы. Алтынсарин, Асан Қайғы, Ш. Еркінов көше тұрғындарына арналған «Наурыз- мерекем,

наурыз берекем» атты мерекелік шара өтті. Бұл шараны Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебі, Ойыл аудандық дене шынықтыру және спорт кешені және Ойыл аудандық обға қарсы күрес станциясы ұйымдастырды. Ауылдың үлкендері мен жастары жиналып, жаңа дайындалған қымыздан дәм татты.

Бұл дәстүр халықтың қонақжайлығы мен берекесін көрсетеді. Шара соңында арқан тарту, қол күрес сынды спорт түрлері өтіп, жеңімпаз атанғандар ақшалай сертификатпен марапатталды.

«ҚАЗАҚ ӘЙЕЛІНІҢ БЕЙНЕСІ - МЫҚТЫ ЖӘНЕ ЕРКІН СУБЪЕКТ»

ОЙЫЛ АУДАНЫДЫҚ ОРТАЛЫҚ КІТАПХАНАСЫ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН «ҚАЗАҚ ӘЙЕЛІНІҢ БЕЙНЕСІ-МЫҚТЫ ЖӘНЕ ЕРКІН СУБЪЕКТ» АТТЫ ТАҒЫЛЫМДЫ КЕШ ӨТТІ. ШАРАНЫҢ БАСТЫМАҚСАТЫ – ҚАЗАҚ ӘЙЕЛІНІҢ ТАРИХИ БОЛМЫСЫН, РУХАНИ ҚАУАТЫН ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ ЕРКІН ТҰЛҒА РЕТІНДЕГІ ОРНЫН АЙҚЫНДАУ БОЛДЫ.



Кеш барысында қазақ халқының тарихындағы әр тұлғалы аналарымыздың енегелі өмір жолы сөз болды. Ұлт тарихында ерлігімен танымал батыр қыздар – Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова, Бопай, Томирис, Домалақ аналар қайсарлық пен отансүйгіштіктің жарқын үлгісі ретінде аталып өтті. Сонымен қатар, қазақ әйелінің тек отбасының ұйытқысы ғана емес, қоғам өміріне белсене араласатын, білімді, өз ойын ашық жеткізе алатын саналы тұлға екендігі кеңінен талқыланды. Еркіндік пен дәстүр ұғымдарының өзара үйлесімі, ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, заман талабына сай өмір

сүру – бүгінгі қазақ әйелінің басты сипаты екені атап өтілді. Кеш аясында әйел қауымының мәселесі қозғалып, сталкинг ұғымына түсінік берілді. Кеш барысында ашық пікір алмасу ұйымдастырылып, қоғамдағы әйел рөлі жайлы мазмұнды ойлар ортаға салынды. Шара барысында кеш қонақтары зейнеткер аналарымыз Гүлжан Булаева, Әлия Базарбаева, аудандық отбасылық тұрмыстық зорлық зомбылыққа қарсы күрес тобының аға инспекторы, полиция аға лейтенанты Айбибі Құспанқызы, «Қамқор» отбасын қолдау орталығының психологі Айгүл Маратқызы, аудандық аурухана психологы Айгүл Алпысбаева және Имам Бақжарық Қызырұлы қатысып, жиналған қатысушыларға әсерлі пікірлерімен бөлісті.

Кеш соңында ұйымдастырушылар қазақ әйелінің бейнесі – нәзіктік пен батылдықты, сабыр мен қайсарлықты, дәстүр мен жаңашылдықты қатар ұштастыра білген мықты әрі еркін субъект екенін қорытындылады. Тағылымды шара көпшілікке рухани серпіліс сыйлап, ой салған мазмұнды басқосу болды.

Г.ИБАҒАЛИЕВА, аудандық орталық кітапхана жетекші-библиографы, «Кел сырласайық» клубының жетекшісі.

ЖАҢА ТҰРҒЫН ҮЙ АЛАБЫНДА НАУРЫЗ ТОҒЫ КЕҢІНЕН АТАЛЫП ӨТТІ

КӨКТЕМНІҢ ШУАҚТЫ МЕРЕКЕСІ – НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ ЖАҢАБАЗ ЖӘНЕ ЕКПЕТАЛ АУЫЛДАРЫНАН ҚОНЫС АУДАРҒАН АДАМДАР ҮШІН ЕРЕКШЕ ҚУАНЫШПЕН ӨТТІ.



Жаңа тұрғын үй алқабында ұйымдастырылған мерекелік шарада Ойыл округі әкімі Рүстем Темірұлы жиналған қауымды көктемгі жаңару мейрамымен құттықтап, ел бірлігі мен татулығының маңызын атап өтті. Мерекелік шара барысында ауыл тұрғындары да өздерінің жүректарды құттықтауларын жеткізіп, бір-біріне игі тілектерін арнады. Мерекеге жиналған жұртшылық қазақтың ұлттық тағамдарынан дәм татып, салт-дәстүрге сай ақ бата берді. Сонымен қатар, ұлттық ойындар ұйымдастырылып, жас балалар мен жастардың өнер көрсетуі тойдың көркін аша түсті. Ұлттық спорт түрлерінен арқан тартыс, қол күрес, ойындары өтіп, жеңімпаз атанғандар ақшалай сертификатпен марапатталды. Жаңа тұрғын үй алқабының тұрғындары бұл мерекені ерекше ықыласпен қарсы алды. Олар Наурыздың жаңа қонысқа қоныстанған халық үшін берекелі болатынына сенім білдіріп, ынтымақпен татулықтың нығая түсуін тіледі.

ПСИХОЛОГ КЕҢЕСІ

СТРЕСС: ОНЫ ҚАЛАЙ ТАНИМЫЗ ЖӘНЕ БАСҚАРУҒА БОЛАДЫ?



Қазіргі қоғамда стресс – күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналған құбылыс. Ол адамның ағзасының қиын немесе жаңа жағдайларға беретін табиғи реакциясы болып табылады. Белгілі бір деңгейде стресс пайдалы, себебі ол адамды әрекетке ынталандырады. Алайда ұзаққа созылған стресс денсаулыққа кері әсерін тигізеді. Стресстің негізгі себептері әртүрлі. Олардың қатарында жұмыс немесе оқу жүктемесінің артуы, қаржылық қиындықтар, отбасылық мәселелер, болашаққа деген белгісіздік, ұйқының жеткіліксіздігі және әлеуметтік желілердегі қысым бар. Сонымен қатар, адамдардың өзін өзгелермен жиі салыстыру да психологиялық қысымды күшейтеді. Стресс адамның психологиялық және физикалық жағдайына әсер етеді. Психологиялық белгілеріне мазасыздық, ашуланшақтық, көңіл-күйдің тұрақсыздығы және шаршау жатады. Ал физикалық белгілер ретінде бас ауруы, ұйқының бұзылуы, жүрек қағысының жиілеуі және төбеттің өзгеруі байқалады. Бұл белгілер ұзақ уақыт сақталса, оған ерекше назар аудару қажет. Стрессті төмендетудің тиімді жолдары бар. Ең ал-

дымен, жеткілікті ұйқы (тәулігіне 7–8 сағат) – психикалық денсаулық оң ықпалын тигізетін маңызды фактор. Сонымен қатар, физикалық белсенділік, таза ауада серуендеу, тыныс алу жаттығулары және уақытты тиімді жоспарлау - стрессті азайтуға көмектеседі. Жақын адамдармен ашық сөйлесу де эмоционалды жеңілдікті береді. Психологиялық тәжірибеде қолданылатын қарапайым әдістердің бірі – терең тыныс алу жаттығулары. Сондай-ақ, прогрессивті бұлшық ет релаксациясы, қысқа медитация және «СТОП-ОЙ» әдісі мазасыз ойларды бақылауға мүмкіндік береді. Бұл тәсілдер жүйелі түрде қолданылған жағдайда тиімді нәтиже береді. Қорытындылай келе, стресс – өмірдің табиғи бөлігі. Алайда оны басқару дағдыларын меңгеру адамның денсаулығын сақтауға және өмір сапасын арттыруға ықпал етеді. Егер стресс тұрақты сипатқа ие болса, маман көмегіне жүгіну қажет. **ДЕНСАУЛЫҚТЫ САҚТАУ – ӘР АДАМНЫҢ ӨЗ ҚОЛЫНДА.** **Сауле АЖНИЯЗОВА, Ж. Жүсімалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің психологы.**

ОЙЫЛ АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ 2026 ЖЫЛДЫҢ ІІ ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж.	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны, электрондық мекен-жайы
Ойыл ауданы әкімінің аппараты	Қазыбаев Асқар Қайырғалиұлы	Аудан әкімі	Сәуір айының 9,23 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін	Ойыл ауылы Құрманғазин көшесі №43 Ойыл ауданы әкімдігінің ғимараты	8(71332) 2-12-23 oiyl.akimdigiyandex.kz
			Мамыр айының – 21 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
			Маусым айының – 11,25 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		

2026 ЖЫЛДЫҢ ІІ ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН АУДАН ӘКІМІ ОРЫНБАСАРЛАРЫНЫҢ ЖӘНЕ АУДАН ӘКІМІ АППАРАТЫ БАСШЫСЫНЫҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж., лауазымы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны, электрондық мекен-жайы	
Ойыл ауданы әкімінің аппараты		Аудан әкімінің орынбасары	Сәуір – 7,21 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін	Ойыл ауылы Құрманғазин көшесі №43 Ойыл ауданы әкімдігінің ғимараты	8(71332) 2-12-23 oiyl.akimdigiyandex.kz	
			Мамыр – 5,19 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін			
			Маусым – 2,16 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін			
		Сүлейменов Саян Сапарұлы, аудан әкімінің орынбасары	Аудан әкімінің орынбасары			Сәуір– 1,15 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін
						Мамыр– 6,20 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін
						Маусым – 3,17 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін
		Тұрғамбеков Нұржау Орынбасарұлы, аудан әкімінің орынбасары	Аудан әкімінің орынбасары			Сәуір – 6,20 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін
						Мамыр– 4,18 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін
						Маусым – 1,15 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін
		Тлепов Ербол Мырзабайұлы, аудан әкімі аппаратының басшысы	Аудан әкімі аппаратының басшысы			Сәуір – 3,17 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін
						Мамыр – 8,22 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін
						Маусым – 5,19 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін

ЖРВИ МЕН ТҰМАУДЫҢ АЛДЫН-АЛУ

Тұмау – бұл барлық жерде кең таралған жоғары контагиозды вирустық инфекция. Тұмауға тән клиникалық көріністер: дене қызуының күрт көтерілуімен (38°С-тан жоғары), қалтыраумен, бас ауруымен, бұлшықет ауруымен, жалпы әлсіздікпен, жөтелмен бірге жүретін аурудың кенеттен жедел басталуы. Тұмау өзінің асқынұларымен өте қауіпті: пневмония, бронхит, трахеит, отит, жүрек-тамыр жүйесінің, жүйке жүйесінің асқынұлары (менингит, менингоэнцефалит, энцефалит, невралгия, полирадикулоневрит). Тұмау көбінесе созылмалы аурулардың өршуімен бірге жүреді. **Инфекция жылдам беріледі:** Ең көп тарайтын жолы – ауа тамшылары. Тұрмыстық тасымалдау жолы да мүмкін, мысалы, тұрмыстық заттар арқылы. Жөтелу, түшкіру, сөйлесу кезінде науқастың немесе вирус тасымалдаушының мұрын-жұтқыншағынан патогендік микрофлорасы бар сілекей, шырыш, қақырлық бөлшектерімен бірге тұмаудың вирусы сыртқа шығады. Осылайша науқастың айналасында аэрозоль бөлшектерінің максималды концентрациясы бар ластанған аймақ пайда болады. ЖРВИ мен тұмауды алдын алу үшін

негізгі ережелерді сақтау қажет: - тұмаудың арнайы профилактикасы эпидемиялық маусым алдында (қазан айы) жүргізілетін вакцинация болып табылады; - салауатты өмір салты, дұрыс тамақтану және үнемі жаттығулар жасау; - адамдар көп жиналатын орындарда және қоғамдық көлікте болу уақытын барынша қысқарту; - даладан және қоғамдық көліктен келген кезде қолды мұқият жуу және мұрын қуысын тұзды сумен шаю; - жабық үй-жайларда және адамдар көп жиналатын орындарда бір рет қолданылатын маскаларды пайдалану; - түшкіру немесе жөтел сияқты белгілері бар адамдармен қарым-қатынасты мүмкіндігінше шектеу; - бөлмені жүйелі түрде желдету және ылғалды тазалау; - Ауырған адамды инфекция көзі ретінде сау адамдардан оқшаулау (ЖРВИ мен тұмаудың алғашқы белгілері пайда болған кезде дәрігерге жігіну және науқас баланы білім беру ұйымдарына, оның ішінде мектепке дейінгі мекемелерге жібермеу қажет). екендігін ескертеміз. **Ғ. ҚУБАЕВ, Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы басшысы**

ҚИСЫҚОВ АМАНҒОС ҚИСЫҚҰЛЫ



Қисықов Аманғос Қисықұлы 1943 жылы Ойыл өңірінде дүниеге келген. 1967 жылы Ақтөбе мемлекеттік медицина институтын тәмамдап, еңбек жолын туған жері – Жетікөл совхозындағы бөлімшелік аурухананың меңгерушісі қызметінен бастаған. 1975 жылы аудандық туберкулезге қарсы диспансердің бас дәрігері болып тағайындалып, кейін фтизиатр дәрігер ретінде қызмет атқарды. 1992 жылы Жетікөл бөлімшелік ауруханасының бас дәрігері қызметіне қайта оралып, кейін аудандық ауруханада бөлімшелік дәрігер болып зейнет жасына дейін абыройлы еңбек етті. 2006 жылы зейнет демалысына шыққанмен, өзі сүйген дәрігерлік мамандығына адалдығын сақтап, еңбек жолын жалғастырды. Сарбие селолық дәрігерлік ауруханасында аға дәрігер қызметін 6 жыл атқарып, кейін денсаулығына байланысты еңбек жолын аяқтады. Аманғос Қисықұлы – өзіндік сөз саптауы бар, әзіл-қалжыңы жарасқан, қоғамдық жұмыстарға белсене араласқан азамат еді. Көп жылғы ерен еңбегі үшін халықтың алғысына бөленіп, аудан әкімшілігі, аурухана кәсіподақ ұйымы және облыстық денсаулық сақтау мекемелері тарапынан көптеген марапаттарға ие болды. «Еңбек ардагері» төсбелгісінің иегері. Отбасында немерелерінің сүйікті атасы болды. Бүгін біз ардақты әріптесімізден айырылып отырмыз. Осы ауыр қазаға байланысты марқұмның отбасы мен жақын туыстарына қайғырып көңіл айтамыз. Қазаның арты қайырлы болсын. **Ойыл аудандық ауруханасының жұмысы және бастауыш кәсіподақ ұйымы**

Ш.Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейінің ардагері Ермағамбетов Болатқа және Рысбаева Балқия Тілеужанқызымен музей күзетшісі Рысбаев Сейт Тілеужанұлына ағасы **Қисықов Аманғостың** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасына, туыстарына қайғысына ортақтаса, көңіл айтады.

Ойыл аудандық аурухана ұжымы және кәсіподақ ұйымы Ойыл аудандық ауруханасының зейнеткері, әріптесіміз **Қисықов Аманғос ағайдың** дүниеден өтуіне байланысты отбасына, ағайын – туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.



Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көжар көшесі, №69, 3 қабат Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1401 дана. Тапсырыс 355 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

ҰЛТТЫҚ ОЙЫН-ҰЛТТЫҢ ЖАНЫ



20 наурыз- спорт күніне орай ұлттық спорт түрінен аудан көлемінде дәстүрлі садақ ату және ләңгі тебуден жарыс ұйымдастырылды. Турнирдің ашылу салтанатына аудандық мәслихат төрағасы Сәкен Займолдин, «АМАНАТ» партиясы Ойыл аудандық филиалының атқарушы хатшысы Еркін Жиеналин, Ш.Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейі КММ-сінің директоры Дулат Исабаев және Ақтөбе облысынан арнайы келген садақ ату дәстүрінің негізін қала-

ушы, насихаттаушы Өленова Сәндігүл Жақсылыққызы және аудан әкімі Асқар Қазыбаев қатысты. Аудан әкімі Асқар Қазыбаев және Сәндігүл Жақсылыққызы сөз сөйлеп, қатысушыларға сәттілік тілеп, салауатты өмір салтын насихаттаудың маңыздылығына тоқталды. Садақ ату – ежелден бері қанымызда бар өнер. Осы ұлттық өнер жастар арасында насихатталып, кеңінен дәріптеліп келеді. Садақ ату- дәлдікке, ептілікке, ширақтылыққа, ұстамдылыққа,

алғырлыққа, баулиды. Ұлттық ойынға жастардың қызығушылығы мен қатысу деңгейі жоғары болды. Садақ ату және ләңгі тебу ойынына ауданымыздың спортшылары қатысып, өз бақтарын сынады. Жарыс жолы тартысқа толы өтті. Жарыс нәтижесінде Дәстүрлі садақ атудан III орын Құрманов көшесі, II орын Қойшығұлов көшесі, I орын Шернияз көшесі ие болды. Сонымен қатар ләңгі тебуден жарыс қорытындысы бойынша III орын Артур Нұрғалиев, II орын Жеңіс Халидуллин, I орынды Фархад Дербісов иеленді. Турнир соңында жеңімпаздар мен жүлдегерлерге мадақтама, медаль кубок табысталды. Спорттық шара жоғары деңгейде өтіп, ынтымақтастық пен достық қарым-қатынасты нығайта түсті. Сонымен қатар Сәндігүл Жақсылыққызына Аудан әкімдігінің атынан естелік сыйлықтар табыс етілді.

ТӨРЛЕТ, ТӨРЛЕТ НАУРЫЗ!
Наурызнаманың онкүндігіне сай "Асанәлі" бөбекжай-бақшасы" ұйымдастыруымен "Төрлет төл мереке - Өз Наурыз" атты мерекелік шара ұлы дәстүрді жалғастырды. Наурыз мейрамы аясында қатысушыларға көптеген қызықты іс-шаралар ұсынылды. Ұлттық көріністер – қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінен сыр шертетін көріністер қойылып, ата-бабаларымыздың өмір салты сахналанды. Дәмнен шашу – Наурыз мейрамының басты тағамы наурыз көже мен ұлттық тағамдар дайындалып, келген қонақтарға ұсынылды. Мерекелік концерт – ұлттық өндер мен күйлер орындалып, өнерпаздар өз өнерлерін ортаға салды. Ұлттық ойындар – арқан тарту, ләңгі, гир көтеру сынды дәстүрлі ойындары ұйымдастырылды. Бұл шаралар жастардың ұлттық спортқа деген қызығушылығын арттыруға бағытталған. Жеңімпаздар қаржылай сыйлықтарға ие болды.

"АЛТЫН ШАҢЫРАҚ - КҮМІС КЕРЕГЕ"

НАУРЫЗНАМАНЫҢ ОНКҮНДІГІ АЯСЫНДА ШАҢЫРАҚ КҮНІНЕ ОРАЙ ЖАСТАР ОРТАЛЫҒЫНДА "АЛТЫН ШАҢЫРАҚ – КҮМІС КЕРЕГЕ" АТТЫ 50ЖЫЛ АЛТЫН ТОЙ, 25 ЖЫЛ КҮМІС ТОЙ ИЕЛЕРІМЕН ЖАСТАРДЫҢ ЖАС ОТБАСЫЛАРДЫҢ ТАҒЫЛЫМДЫ КЕЗДЕСУІ ӨТТІ.



Отбасы – әр адамның өміріндегі ең қымбат құндылық. Осы құндылықты дәріптеу мақсатында «Алтын шаңырақ – күміс кереге» атты тағылымды отбасылық кездесу ұйымдастырылды. Іс-шара барысында 50 жыл алтын той иелері Ермағанбетовтар отбасы және 25 жыл күміс той иелері Қоғабәвтар отбасы қонақ болып, өздерінің өмірлік тәжірибелерімен бөлісті.

Олар отбасының берекесін сақтаудың, бала тәрбиелеудің маңызы туралы ойларын айтып, жастарға ақыл-кеңестерін берді. Бұл шара қатысушыларға отбасының қадірін түсініп, ата-анаға деген құрмет пен сүйіспеншілікті арттыруға ықпал етті. Осындай тағылымды кездесулер ұрпақтар сабақтастығын жалғастырып, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге үлкен үлес қосады.

БЕРЕКЕ БАСЫ - НАУРЫЗ

ОЙЫЛ АУДАНЫНДА КӨКТЕМНІҢ ЖАРҚЫН МЕРЕКЕСІ – НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ ЕРЕКШЕ СӨН-САЛТАНАТЫМЕН Тойланды. «БЕРЕКЕ БАСЫ – НАУРЫЗ» АТТЫ КӨПШІЛІК КӨШЕ НАУРЫЗЫ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ МЕН ҚОНАҚТАРЫН БІР АЛАҢҒА ЖИНАП, ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮРЛЕРДІ ЖАҢҒЫРТАТЫН МЕРЕКЕЛІК ШАРАҒА ҰЛАСТЫ.



Мереке Ойыл аудандық оқушылар үйі алаңында өтті. Ұйымдастырушылар қатарында аудандық оқушылар үйі, Ойыл бизнес-инкубатор базары, Ойыл аудандық білім бөлімі, сондай-ақ Ойыл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі болды. Шарада Ойыл ауылдық округі әкімі Рүстем Темірұлы Наурыз мерекесімен құттықтады. Олардың бірлескен еңбегі нәтижесінде тұрғындар мен жастар үшін әсерлі бағдарламалар

өзірленіп, мерекелік көңіл-күй сыйланды. Наурыз тойында қазақ халқының салт-дәстүрлері дәріптеліп, ұлттық тағамдар ұсынылды. Көпшілікке қазақтың бай мәдени мұрасынан сыр шертетін көріністер ұйымдастырылды. Шараның соңы спорттық сайыстармен жалғасты. Қатысушылар гир көтеру, арқан тартыс сияқты ұлттық спорт түрлерінен өз күштерін сынады.

Наурыз мейрамы - Бірлік пен берекенің бастауы

18 НАУРЫЗ КҮНІ ҚЛИПАНОВ, ТӨЛЕБАЕВ, ДҮСИПОВ КӨШЕСІНІҢ ТҰРҒЫНДАРЫ «ЖОЛШЫ» БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚШАСЫНЫҢ АЛДЫНДА ӨТКЕН «НАУРЫЗ – ҚҰТ-БЕРЕКЕ БАСТАУЫ» АТТЫ МЕРЕКЕЛІК ШАРАҒА ЖИНАЛДЫ. ІС-ШАРАНЫ «ЖОЛШЫ» БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚШАСЫ МЕН «ЭНЕРГОСИСТЕМА» ЖШС ҰЙЫМДАСТЫРДЫ.

Мерекенің басты ерекшелігі – Наурыз мейрамына тән ұлттық дәстүрлерді дәріптеу болды. Шара барысында тұрғындарға дәмді Наурыз көже мен ұлттық тағамдар ұсынылды. Сондай-ақ, ұлттық киім күніне орай әжелеріміз кимешек пен қазақ анасы бейнесіндегі киім үлгілерінен дефиле жасады. Көңілді мерекелік концерт өн мен күй, ұлттық билер көрермендерге ерекше әсер

сыйлады. Сонымен қатар, мерекеді арқан тарту, қошқар көтеру сынды ұлттық спорттық ойындар да өткізіліп, қатысушылар өз бақтарын сынады. Бұл шара – тек мерекелік көңіл-күй сыйлап қана қоймай, көршілердің ауызбіршілігін нығайтып, салт-дәстүрлерді насихаттауға үлес қосты. Ұйымдастырушылар мен қатысушыларға алғысымызды білдіре отырып, әр шаңыраққа құт-береке тілейміз!

ҰЛТТЫҚ КИИМ - ҰЛТ МҰРАСЫ

18 НАУРЫЗ ҰЛТТЫҚ КИИМ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН «ҰЛТТЫҚ КИИМ ҰЛТ МҰРАСЫ» АТТЫ ҰЛТТЫҚ КИИМДЕР СӨН КӨРСЕТІЛІМІ ӨТТІ. МӨДЕНИЕТ ҮЙІНДЕ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН БҰЛ КӨРІНІС ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ КИИМ МӨДЕНИЕТІН КЕЗЕҢ-КЕЗЕҢІМЕН ТАНЫТЫП, ҰЛТТЫҚ ОЮ-ӨРНЕКТІҢ, МАТАНЫҢ, ЗЕРГЕРЛІК ӨШЕКЕЙДІҢ ТАРИХИ МӨНІН КӨПШІЛІККЕ ПАШ ЕТТІ.



«Ұлттық киім дефилесі» – ұлттық киімдердің эволюциясын сахналық форматта жүйелі түрде көрсетті. Дефилені барысында назарға ұсынылған ұлттық киімдер төмендегі бағыттарды қамтыды: Ежелгі дәуір үлгілері, дәстүрлі күнделікті киімдер, салтанатты және мерекелік киімдер, қыз жасауы мен келін киімдері, ерлердің дәстүрлі киімдері, өңірлік стильдегі киімдер көрсетілді. Көрсетілімнің соңында аймақтық ерекшеліктерге тән киімдер ұсынылды: Батыс өңірінің төгілмелі сәнді камзолдары, Орталық Қазақстанның дәстүрлі қарапайым бояулы шапандары,

Шығыс аймақтың нақышты кестелері, Жетісудың зерлі, жеңіл матадан тігілген әсем киімдері. Өрбір топтама қазақтың киім өнері ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени дәстүрдің, табиғатпен етене байланысқан тұрмыс-тіршіліктің, қолөнер шеберлігінің, эстетикалық дүниетанымының айқын көрінісі екенін дәлелдеді. «Ұлттық киім ұлт мұрасы» атты ұлттық киімдер көрмесі мен сән көрсетілімі қазақ этномәдени мұрасының байлығын жаңа қырынан танытып, ұлттық киімнің тек өткеннің жәдігері емес, бүгінгі ұрпақ үшін де рухани құндылығы зор мәдени мұра екенін айқындады.

АРМЫСЫҢ, ӨЗ НАУРЫЗ - ЖЫЛ БАСЫ!

НАУРЫЗ – КӨКТЕМНІҢ, ЖАҢАРУДЫҢ, БЕРЕКЕ-БІРЛІКТІҢ МЕРЕКЕСІ. ОЙЫЛ АУДАНЫНДА ДА БҰЛ МЕРЕКЕ ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРДІ ДӘРІПТЕП, ХАЛЫҚТЫ БІРЛІККЕ ШАҚЫРАТЫН ҮЛКЕН ШАРАЛАРДЫҢ БІРІ РЕТІНДЕ ТОЙЛАНУДА.



19 наурызда әрбір қазақстандықтың өмірінде жаңа кезеңнің басталуын білдіретін Жаңару күні тойланады. Биылғы жылы Ойыл кәсіптік колледжі "Армысың, өз Наурыз – Жыл басы!" атты мерекелік шара ұйымдастырды. Іс-шара Құрманов көшесінен бастап, Дәуленов, Ержанов, Еркінөв және басқа да көшелердің тұрғындарына арналды. Ойыл ауылдық округі әкімі Рүстем Темірұлы Наурыз мерекесімен құттықтап, игі ақ тілегін білдірді. Өрі қарай ұйымдастырушылар халыққа

театрландырылған ұлттық көріністерді ұсынып, наурыз көже мен дәстүрлі тағамдардан дәм татқызды. Наурыз тек мереке ғана емес, ол – салт-дәстүрлердің жанданатын, ұлттық құндылықтардың дәріптелетін кезеңі. Мерекелік концерт барысында өнерпаздар ән шырқап, ұлттық би биледі. Шара соңында спорттық ойындардан – арқан тарту, асық ату, гир тасын көтеру сияқты жарыстар ұйымдастырылып, жеңімпаздар қаржылай сыйақымен марапатталды.



АРМЫСЫҢ, ӨЗ-НАУРЫЗ!

НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ БИЫЛ ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ НАУРЫЗНАМАНЫҢ ОНКҮНДІГІ АЯСЫНДА ТОЙЛАНУДА. 16 НАУРЫЗ МӨДЕНИЕТ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮР КҮНІ. БҰЛ — ҰЛТТЫМЫЗДЫҢ ҒАСЫРЛАР БОЙЫ ҮЗІЛМЕЙ КЕЛЕ ЖАТҚАН МӨДЕНИ МҰРАСЫНА АРНАЛҒАН КҮН.

Ата-бабадан қалған салт-дәстүріміз, әдет-ғұрпымыз бен ұлттық құндылықтарымыз — халқымыздың рухани байлығы. Осындай асыл мұраны дәріптеу мақсатында түрлі шаралар ұйымдастырылды. Наурыз – бұл көктемнің жарышы, жаңару мен ізгілік мейрамы. Бұл күні көше мейрамы Ойыл ауданында Ердәулет құрылыс дүкенінің алдында ұйымдастырылды. Бұл кештің бастамашылары – Ойыл аудандық балалар музыка мектебі, «Көкжар» мәдени-көңіл көтеру кешені, аудандық мемлекеттік кірістер басқармасы, Ойыл ауданы бойынша статистика басқармасы және Екібаев, Оноприенко көшесінің тұрғындары.

Наурыз мейрамына жиналған жұртшылықты Ойыл ауылдық округі әкімі Рүстем Темірұлы құттықтап, мейрамның бірлік пен береке әкелуін тіледі. Мерекелік кеште ұлттық ойындар мен спорттық жарыстар өтті. Қазақтың байырғы дәстүріне сай арқан тарту, гир көтеру секілді жарыстар өткізіліп, қатысушылар өз күштері мен ептіліктерін сынап көреді. Мерекелік шара барысында қонақтар қазақтың ұлттық тағамдарынан дәм татып, дәстүрлі өндер мен күй тыңдап, ұлттық би өнерін тамашалайды. Ойыл аудандық балалар музыка мектебінің шәкірттері өнер көрсетіп, қонақтарға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

ТӨРЛЕТ, ТӨРЛЕТ НАУРЫЗ!

19 НАУРЫЗ — ЖАҢАРУ КҮНІ. БҰЛ - КӨКТЕМГІ ЖАҢАРУ МЕРЕКЕСІ. ТАБИҒАТ ӨЗГЕРІП, ӨМІР ҚАЙТА ЖАНДАНАДЫ ДЕП САНАЛАДЫ. ЖАҢАРУ КҮНІ ЕЛ ӨМІРІНДЕГІ ЖӘНЕ ӨРБІР АЗАМАТТЫҢ ӨМІРІНДЕГІ ЖАҢА КЕЗЕҢНІҢ БАСТАЛУЫН БІЛДІРЕДІ.

Наурызнаманың он күндігі аясында бүгін жаңару күніне орай Б.Жолмырзаев, Б.Құрманғазин, А.Қойшығұлов, С.Дауленов көшелерінің тұрғындары мен Ш.Бекмұханбетова атындағы мектеп гимназиясы, Ойыл аудандық әкім аппараты, Ойыл аудандық партиясының Ойыл аудандық филиалы, Ш.Берсиев атындағы өнер және өлке тарихы музейі, Ойыл аудандық архиві қызметкерлерінің ұйымдастыруымен "Төрлет, төрлет Наурыз" атты көше Наурыз мейрамы өтті. Көше Наурыз мейрамында Ойыл ауылдық округі әкімі Рүстем Темірұлы

халықты Наурыз мерекесімен құттықтап, бұл күннің халқымыз үшін ерекше маңызы екенін, наурыздың бірлік пен ынтымақ мерекесі екенін, сондай-ақ, ұлттық құндылықтарды сақтау мен дамытудағы рөлін ерекше атап өтті. Мерекеді көше тұрғындары ұлттық тағамдар әзірлеп, көпшілікке дәм ұсынды. Қазақтың қара домбырасы күмбірлеп, халық өндері шырқалды. Гимназия оқушылары ұлттық киіммен өнер көрсетіп, мерекенің көркін аша түсті. Сонымен қатар, қазақтың ұлттық ойындары ойнатылып, жеңімпаздарға сыйлықтар табысталды.